

Әдебиеттер

1. Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж., Игембаева С.К. Мемлекеттік жер кадастрының жаңа технологиясы (оқу құралы). -Алматы 2008 ж. «Агроуниверситет».
2. Сейфуллин Ж.Т. ҚР-ның жер кадастры. –Алматы, «ҚазҰАУ», 2000 ж.
3. Жер туралы заңнамалар (нормативтік актілер жиынтығы). -Алматы 2007 ж.
4. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі № -Алматы 2003 ж.

Серикбаева А.К., Магистрант

ОРГАНИЗАЦИЯ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ

В статье приведены результаты по сельскохозяйственные производства место выигрышное использование окружающей среде экологии, которая не приносит вред, основыванный труд на производство увеличивать показывает прямой влияние.

Ключевые слова: Места выгодное использование, место защищать, государственное контрольное ведение, середина жизни, природные тенденции, окружающую среду защищать, место государственный контрольный, выигрышное использование, места на цели сельского хозяйства, инновационные технологии.

Serikbaeva A.K Magistrant

Organization and rational use of earth of the сельскохозяйственного setting

To the article results are driven for agricultural productions place the winning use to the environment of ecology that does not blight, основыванный labour on a production to increase показывает of line influence.

Key words: Places the advantageous use, to protect a place, state control conduct, middle of life, natural tendencies, to protect an environment, place state control, winning use, places on the aims of agriculture, innovative technologies.

ӘОЖ 630*574,5

Тиленов А.А. *PhD докторант*

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ОРМАН ПАЙДАЛАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ БАҒЫТТАРЫ МЕН ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа: Бұрынғысындай, орман пайдаланудың түрлерінің арасында осылар жергілікті тұрғындардың дәстүрлеріне және өмір салтына тән болып келетін ағаш дайындау, мал жаю және шөп шабу көп таралып отыр. Орман пайдаланудың кейбір бөлігі (рекреация, туризм және спорт) үлкен қалалардың маңайында дамып отыр. Бірақ орман пайдаланудың лайықты дамуын ала қоймаған бағыттары бар. Оларға, мәселен, ағаш шырындарын, екінші реттік ағаш шикізатын және шапқаннан кейінгі қалдықтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді және т.б. дайындау жатады. Сірә, бұл кәсіпкерлер

тарапынан белгілі бір қаражат салуды және еңбек етуді қажет ететіндігімен байланысты болса керек, осыған кәсіпкерлер онша бара қоймауда.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша Жамбыл облысындағы орман пайдаланудың жекелеген бағыттарын дамытуға және кеңейтуге бағытталған ұсыныстар жасап шығарылды.

Кілт сөздер: орман пайдалану, орман ресурстары, мәдени-сауықтыру, аңшылық.

Кіріспе Жамбыл облысында дербес зерттеулердің нысаны болмағандығымен және сондықтан елдегі орман шаруашылығы саласының жалпы тиімділігін арттырудың келешегі бар бағыттарының бірі ретіндегі орман пайдалануға жеке кәсіпкерлікті ілгерілетуге, жергілікті халықта бизнестің жаңа түріне деген дағдыларды дамытуға, өндірістердің жаңа түрлерін жасауға және қосымша жұмыс орындарын ашуға, ауыл мен село тұрғындарының жұмысбастылығын және өмір сүру деңгейін арттыруға, ауылдық аумақтардағы өндірістің құрылымын одан әрі диверсификациялауға бағытталған. Сондықтан да жұмыстардың нәтижелерін орманды өңірлердің халқы және облысымыздың барлық орман мекемелері қажетсінетін болады.

Материалдар мен әдістер Әр деңгейлі нысандарда орман пайдаланудың күйін анықтау үшін бастапқы материалдарды жинау, одан кейін оларды өңдеу және талдау жекелеген орман пайдаланушылар бойынша орманды және хайуандар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің және ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың шегінде, жекелеген мемлекеттік мекемелер бойынша әкімшілік облыс шегінде және жекелеген облыс бойынша республика шегінде жүзеге асырылды. Бір мезгілде орман пайдалану оның түрлері және ірілендірілген топтары бойынша саралап, жіктелді

Нәтижелер Қазақстандағы орман пайдалану жағдайы мен келесі мәселелерін соңғы екі-үш жыл бойы біздің ғылыми жетекшіміз зерттеп жүр. Оның айтуынша біздің республикадаосы бағыт ақылы түрде ұзақ мерзімге 9 облыста жүргізіліп жатыр. Бұларға Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс-Қазақстан, Батыс-Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан жатады. Жамбыл облысының Қарақоңыз мекемесінде 2007 ж. 12350 гектар орманды аумақ ағаш дайындау мақсатына ұзақ мерзімге жалға беріліп, кейінгі (2010 жылға) шешіммен қайтарылып алынған. Одан кейін (2010 жылы) 1862 гектар жайылым ұзақ мерзімге жалға берілген. Бірақ ол республикалық ақпарға кіріп үлгерген жоқ.

Жалпы қазіргі кезде Қазақстанда орман пайдаланудың жеке түрлері 20 топқа бөлініп жүргізіледі. Бірақ республика жерінің табиғи-климаттық өзгешеліктеріне байланысты олардың бәрін бір облыста жүргізу өте қиын. Соңғы зерттеулер олардың көп түрін дамытуға Алматы, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының мүмкіндіктері барын көрсетті. Басқа облыстарда орман пайдалану Жамбылдағы секілді әзірге 4-5 бағытпен шектелуде.

Кесте 1 - Жамбыл облысының орман пайдалану бойынша республикадағы үлесі

№	Орман пайдалану түрлері	Республикадағы көлемі	Жамбылдағы		
			Көлемі	Пайдалануға берілгені	Оның пайыздық Үлесі, %
1	Жайылым, га	43855556	917221	567789	13,0
2	Шабындық, га	312489	23498	7520	2,5
3	Егіндік жерлер, га	106806	2323	9	0
4	Ағаш сату, мың м³	1753,1	-	22000	1,3

Қалғандары онша мардымсыз. Бірақ оның республика көрсеткішімен салыстырғандағы орман пайдаланудан орман пайдаланудан тапқан қаржылары едәуір (2-кесте). Олар Қазақстан бойынша осы бағытта алынған 2010 жылғы соманың 11,3 %-на тең.

Кесте 2 – Жамбыл облысының орман пайдаланудан алған қаржысының республикадағы үлесі

№	Көрсеткіш аты	Республика бойынша түсім	Жамбыл облысының табысы	%
1	Орман пайдалануға байланысты төлемдер, млн.теңге	601,2	62,0	11,3

Дегенмен бұл Жамбыл облысындағы жергілікті барлық мүмкіндіктерді игерді деген сөз емес. Оның бұл бағыттағы келешегі мол екендегін төменде көрсетуге тырысамыз.

Қай облыста болмасын орман пайдаланудың ауқымын кеңейту келешектің басты міндеті болып табылады. Әрине, оны сол аумақтың табиғи-климаттық жағдайы мен орман қорының ерекшеліктеріне қарап бейімдесе, іс тиімді болады.

Осыны ескере отырып, Жамбыл облысында орман пайдалануды екі бағытта дамытуға болады. Оның бірінші облыста - бұрын көңіл бөлінбеген жаңа орман пайдалану бағыттарын дамыту да, екіншісі-бұрын дамымаған бағыттарды кеңейте түсу жолдарын табу. Енді осы екеуіне жеке-жеке тоқталайық.

Бірінші бағыт- Жамбыл облысында оның орман қоры мен табиғи-климаттық жағдайы толық мүмкіндік беретін орман пайдалану бағытының бірі-орманды жерлерді аңшылықты дамытуға жалға беру. Бұл осы облыс үшін келешегі мол бағыт. Өйткені оның мемлекеттік орман қоры (4,4 млн га.) Қазақстанның орман қорының бестен бірін алып жатыр. Оның сыртында облыс жерінде таулы аймақта, бұталы шөлді жерлер де тоғайлы, сулы аймақтар да көп. Олардың қайсысы да аңшылықты дамытуға қолайлы. Нарыққа көшудің алғашқы кезінде Жамбыл облысында аңшылықтың шет елдік те, отандық та бағыты дамығанын естіп, біліп жүрміз. Бірақ олар қазір азайып қалған. Міне сол бұрынғы әдетті қайта жаңғырту қажет. Оны әрі жаңа деңгейге көтеру керек. Тағы жануарлар дүниесі қазіргі кезде өзін-өзі табиғи жағдайда көбейтуі қиынға соғып барады. Сондықтан аңшылық тұрақты даму үшін тағы аңдарды өсіріп көбейтетін питомниктер мен станциялар құру кезек күттірмейтін іс. Ондай тәжірибе басқа дамыған елдерде өте мол. Міне сол тәжірибелерді пайдаланып тағы аңдардың санының толығына жағдай жасай отырып, реттеулі аңшылық ұйымдастыру басты міндет. Осы бағытқа өте тығыз байланысты сала марал мен бұғы өсіру. Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарының кейбір аудандарында бұл іс қолға алынып, жемісін бере бастады. Сондықтан Жамбыл облысының таулы жерлерінде оларды өсірудің мүмкіндігін қарастырса жақсы болады.

Израиль мемлекетінің шөлді-құмды жерлерінде түйеқұс аумақты қоршауларда өсірілетіні белгілі. Қазақстанда оларды шағын қоралар мен қоршауларда өсіріп жатқанын теледидардан анда-санда айтылып қойды. Осы түйеқұсты да өсіріп еркіндікке жіберсе, ерекше бір туристік қызығушылық туар еді.

Орманшыға тағы да бір етене жақын қызметқисқа мерзімде жетілетін орман плантацияларын өсіріп, одан пайда табу. Бұл істі орманшылар басқа адамдардан әлде-қайда жақсы атқарар еді, жемісті еңбек етіп, қыруар жағдайға кенелер еді. Осы жағдайда тек орман плантацияларын ғана емес құнды ағаш түрлерінің, витаминді

бұталардың, дәрі-дәрмектік шөптердің питомниктері мен кешендерін жасап орман пайдаланудың жаңа түрін кіргізу өте қиын жұмыс емес.

Біз зерттеп отырған облыста мәдени-сауықтыру және спорттық-туристік орман пайдалану да дамымай тұр. Осы іске ерекше көңіл бөлу де орман мекемелерінің міндеті. Оны әсіресе таулы жерлер мен өзен көл жағалары мен арналарында ұйымдастыру жеңілірек.

Тіпті қазір көп адамдар саяхаттың “эко-туризмін”, су туризмін және “экстрим” түрлерінен де қайнайды. Ал Жамбыл облысында ойластырса, осыларға лайық жерлер де, сулар да жеткілікті.

Кеңес кезінде орманды жерлерде, әсіресе сексеуіл арасында қаншама отар-отар қой бағылды. Солардың бәрі қоғамдық меншікте болған соң, орман қорында ешқандай ақысыз жайылды. Олардың абыройы мен жемісін колхоз-совхоз жетекшілері көрді, ал орман одан тек зиян шекті, тапталды, эрозияға кезікті. Қазір ондай мал жоқ. Бірақ алдағы уақытта жеке бизнес өкілдерінің малдарын орман қорында ақылы түрде бағуына рұқсат беріп қана қоймай осыған жәрдем жасау керек. Бірақ оны орман қорын аздырмайтын күйде жаңаша ұйымдастырылған ауыспалы жайылым ретінде жүргізген дұрыс.

Жамбыл облысында жөнді дамымаған, бірақ кеңейте түсу қажет іс-орманда омарта орнату. Ара тәтті бал ғана бермейді, ал өсімдіктерді тозаңдандыруға да бірден-бір себеп болатын жәндік. Сондықтан омарта орнату тек таулы жерлерде ғана емес, мезгіліне қарай, екпе шөптермен жеміс өсірілетін орманды аумақтарда да жүргізілсе көбейе түседі. Тағы бір орман қорының ішінде пайда беретін жол ол орманнан дәрі-дәрмектік шөптер мен басқа да шикізат жинауға рұқсатты көбейту. Осы байлыққа облыстық шөлді аймағы кенде емес. Оның сыртында сол жерлерде сыпырғышқа ши жабуға, бұталар жабуға, бұталар даярлауға, ал орман қырына қарайтын өзен-көлдердің жиегінен қамыс пен құрақ жабуға жергілікті тұрғындарға ақылы рұқсат беріп, оның пайдасын екі жаққа да көрсете білу.

Қорытынды Міне осы секілді істер Жамбыл облысының орман қорына одан әрі пайдалы түрде тұтынуға, сөйтіп жергілікті халықты кәсіпкерлікке икемдеуге және орман шаруашылығының тиімділігін үлкейтуге сөзсіз жәрдемін тигізеді. Жамбыл облысы бойынша, орман пайдалану тек экономикалық ғана емес, әлеуметтік, мәдени саяси құбылыс болып табылады. Осыған орай, орман пайдалану жоғарыда айтылған факторларды ескере отырып қолдану керек.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.А. «Мемлекетіміздің болашағы бүгіннен басталады». Республика активі алдындағы сөйлеген сөзі, -Астана, 1997 жыл.

2 «Стратегия – 2030», 2003

3 Байзаков С.Б. Анализ и обобщение методология определения общей экономической ценностей лесов. Научно – инновационные приоритеты Казахстана, - Алматы, 2010, -стр. 6-40.

4 Байзаков С.Б., Мазаржанова Қ.М. « Халықаралық орман саясаты және оның Түркия мен Қазақстанның орман шаруашылығына ықпалы. -Алматы, 2009 жыл

5 Писаренко А.М., Страхов В.В Новый экономический кризис: лесной сектор России // Лесное хозяйство. -2009, -№6, с.2-4

6 Отчет о научно-исследовательской работе «Разработка научно обоснованных механизмов развития лесопользования на базе частного предпринимательства» Научный руководитель: доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК Байзаков С.Б. - Алматы, 2010 г.

А.А. Тиленова

ЛОКАЛИЗАЦИЯ НА НАПРАВЛЕНИИ ЛЕСОПОЛЬЗОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ В ОБЛАСТИ ДЖАМБУЛА

В статье указаны основные виды лесопользования, получившие развитие в Джамбулском области республики. Отмечено, что их объемы незначительны и поэтому малодоходны. Предлагается кроме традиционных видов интенсивно развивать лесопользование для целей туризма, спортивных мероприятий и рекреации.

Ключевые слова: лесопользование, лесные ресурсы, охота

A.A. Tilenov

LOCALIZATION OF THE DIRECTION OF FOREST MANAGEMENT AND DEVELOPMENT IN THE FIELD OF JAMBUL

This paper presents the main types of forest, which were developed in Dzhambul provinces. It is noted that their volumes are small and therefore not very profitable. Offered in addition to traditional types of razvivad intensive forest management for tourism, sport and meropriaty rekratsii

Key words: forest management, forest resources, hunting

УДК 632.74

Толеубаев К.М., Абзейтова Э.А., Алпысбаева К.А.

Казахский научно-исследовательский институт защиты и карантина растений

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ЗЛАТОГЛАЗКИ ОБЫКНОВЕННОЙ (*CHRYSORACARNEASTERH.*) ПРИ ПИТАНИИ НА РАЗЛИЧНОМ КОРМЕ

Аннотация. В данной статье приведены результаты прожорливости и особенности развития златоглазки обыкновенной (*ChrysopacarneaSteph.*) при питании на различном лабораторном корме. В качестве корма были использованы злаковая тля (*SchizaphisgraminumRond.*), персиковая тля (*MyzodespersicaeSulz.*) и обыкновенный паутинный клещ (*TetranychusurticaeKoch.*).

Ключевые слова: биологический метод, энтомоакарифаг, златоглазка, персиковая тля, злаковая тля, паутинный клещ.

Введение Златоглазки относятся к семейству хризопид (*Chrysopidae*) отряда сетчатокрылых (*Neuroptera*). Это хищные насекомые, которые питаются относительно мелкими насекомыми и клещами, с мягкими покровами тела. У златоглазок в основном хищный образ жизни ведут личинки, которые чрезвычайно прожорливы, способны быстро передвигаться, при этом отличаются хорошими поисковыми способностями для обнаружения жертвы. Будучи полифагами, они предпочитают питаться тлями, яйцами чешуекрылых, мелкими гусеницами, а также растительными клещами [1].

По данным, Б.Б. Матпаевой[2], в Казахстане выявлено 18 видов златоглазок, например: златоглазка обыкновенная (*Chrysopa carnea Steph.*), златоглазка семиточечная (*Chrysopa septempunctata West.*), златоглазка красивая (*ChrysopaformosaBrauer*) и другие.